

## «SANALY URPAQ» СТУДЕНТТІК КЛУБЫ



**Клубтың жетекшісі:** Макина Адия Ермухановна

**Мақсаты** - сыбайлас жемқорлыққа деген теріс көзқарасты қалыптастыру, жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру.

**Студенттік клубтың миссиясы:** сыбайлас жемқорлыққа қарсы елде өмір сүруге бағытталған өз елінің патриоты, бәсекеге қабілетті және құзыретті жастарды қалыптастыру.



## «САНАЛЫ ҰРПАҚ» ЕРІКТІ СТУДЕНТТІК КЛУБТАРЫНЫҢ КЕЗДЕСУІ

2021 жылдың 26 қазаны «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің СҚО бойынша департаментімен бірлесіп, «SANALY URPAQ» ерікті студенттік клубтарымен онлайн кездесу өткізілді.



Бұл іс-шараның мақсаты – барлық білім беру ұйымдарының ұжымын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес идеяларының төңірегіне біріктіру, сонымен қатар оның нәтижелерін іс жүзінде көрсету, еліміздің барлық жоғары оқу орындары мен колледждерінде жүзеге асырылатын механизмдер мен үлгілерді әзірлеу. Кездесуге клуб белсендісі Иванов Борислав белсенді қатысты.



## ЖАСТАР - СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ!

2022 жылғы 12 қазанда Солтүстік Қазақстан Университеті базасында Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Дмитрий Михайлович Малаховпен кездесу өтті.

Кездесуге СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі департаментінің басшысы Сергей Николаевич Перов, СҚО әкімдігі білім басқармасының басшысы Назир Азаматұлы Жашибеков, Басқарма төрағасы - Ректор Ерлан Нұрлыбекұлы Шуланов және СҚО университеттері мен колледждерінің білім алушылары – «Саналы ұрпақ» белсенділері қатысты.

Кездесу диалог форматында өтті, диалог тақырыбы-жас ұрпақты адалдық, парасаттылық рухында тәрбиелеу, жастардың рөлі сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді іс-қимылдағы ұрпақтар болып жетілуі болды.



Солтүстік Қазақстан кәсіптік-педагогикалық колледжінен кездесуге «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының 3 курс студенті Токарева Юлия қатысты. Токарева Юлия «Саналы ұрпақ» студенттік клубының колледждегі жұмысы туралы айтып, бірінші курс студенттеріне мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуда көмек көрсету бойынша жаңа еріктілер жобасымен, сондай-ақ өз Отанының патриоты қандай болу керектігі туралы өз пікірімен бөлісті. Мен өз мысалымда азаматтық ұстанымды қалай көрсетуге болатынын және қажет екенін айттым.

Сындарлы диалогтан кейін студенттер спикерлерге өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, олармен есте сақтау үшін фотосуреттер түсіре алды.

ДЕПАРТАМЕНТ АГЕНТСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПО ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ КОРРУПЦИИ (АНТИКОРРУПЦИОННОЙ СЛУЖБЫ)  
ПО СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ



# ГРАМОТА

**УВАЖАЕМАЯ ЮЛИЯ ЕВГЕНЬЕВНА!**

ВЫРАЖАЮ ВАМ ПРИЗНАТЕЛЬНОСТЬ ЗА УСПЕШНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО  
В РЕАЛИЗАЦИИ АНТИКОРРУПЦИОННЫХ ИНИЦИАТИВ.

МЫ ВЫСОКО ЦЕНИМ ВАШИ УСИЛИЯ И ЭНЕРГИЮ,  
НАПРАВЛЕННЫЕ НА РАБОТУ С МОЛОДЕЖЬЮ,  
А ТАКЖЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ И НЕРАВНОДУШНОЕ ОТНОШЕНИЕ  
К ПРОЕКТУ «САНАЛЫ ҰРПАҚ».

МЫ ТВЕРДО УВЕРЕНЫ В ДАЛЬНЕЙШЕМ УСПЕШНОМ  
РАЗВИТИИ НАШИХ ДЕЛОВЫХ ОТНОШЕНИЙ.  
ЖЕЛАЕМ ВАМ УСПЕШНОГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ,  
КАРЬЕРНОГО РОСТА И УДОВЛЕТВОРЕНИЯ РЕЗУЛЬТАТАМИ  
СВОЕЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ!

С УВАЖЕНИЕМ,  
РУКОВОДИТЕЛЬ ДЕПАРТАМЕНТА



С. ПЕРОВ

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТ РЕТІНДЕ

2022 жылдың 12 қазанында Солтүстік Қазақстан кәсіптік-педагогикалық колледжінде «SANALY URPAQ» клубының белсенділері және студенттік парламенттің құқық және тәртіп фракциясының депутаттарының ұйымдастыруымен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің СҚО бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің инспекторы С.Н. Зайцевамен «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын түсіндіру» тақырыбында кездесу өткізілді. Іс-шара студенттердің құқықтық санасын дамытуға, алынған мәліметтер негізінде іске асыру, жалпылау және қорытынды жасау қабілетін қалыптастыруға бағытталған.

Светлана Николаевна өз сөзінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасындағы жаңашылдықтар туралы баяндады және ҚР ҚК-нің 366 бап «Пара беру», 367 бап «Пара алу», 368 бап «Парақорлыққа делдал болу» баптарымен таныстырып өтті. Колледж студенттеріне алдын алу мақсатында «Жақындарынды ұмытпа» тақырыбында бейнеролик көрсетілді.

Іс -шараға қатысушылар сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бойынша өзекті мәселелерді және мәселені шешудің тиімді жолдарын талқылады. Кездесу тақырыбы бойынша студенттер қойған сұрақтарға сауатты және жан -жақты жауаптар берілді.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша өткізілген [іс-шаралар](#)